



**"Қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 26.06.95 ж. N 37 нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 9. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 18 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 32. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

17. "Қосылған құн салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Салық комитетінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 9 V970032\_ бұйрығы.

-----  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Z952235\_ "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 60-1 заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті жоғарыда аталған нұсқаулыққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізеді:

1. 1 бөлімде "(төлөнді)" деген сөз алынып тасталсын\*.

Ескерту:

1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі

2. II бөлімде:

2-тармақтың бірінші абзацындағы "1-7 тармақшалармен" деген сөздер "1-12 тармақшалармен" деген сөздермен ауыстырылсын.

4-тармақ мынадай нұсқада берілсін:

"Тауарларды, жұмыс немесе қызмет көрсетуді өткерудің айналымы жөнелтілген тауардың, орындалған жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің құнына қарай анықталады\*".

Ескерту:

1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі

6 тармақта:

бірінші абзацтағы "8-10 тармақшалармен" деген сөз "13-18 тармақшалармен" деген сөздермен ауыстырылсын.

екінші және үшінші абзацтар алынып тасталсын.

3. III бөлімде:

мынадай мазмұнды "9а" тармағымен толықтырылсын:

"9а. Резидент еместер Қазақстан Республикасы аумағында тауарлар (жұмыс, қызмет) өткеріп, қазақстандық көздерден табыс тапқан және қосылған құн салығы бойынша есепке тұрмаған жағдайда, аталған резидент еместермен есеп айырысуды жүзеге асырған, Қазақстан Республикасының резиденттері толық көлемінде қосылған құн салығын төлейді.

Бұл орайда резидент еместердің тауарларының (жұмысының, қызметінің) құны белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының резиденті бюджетке төлейтін қосылған құн салығын шығарып тастап төленеді.

10 тармақ мынадай нұсқада баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, заңды тұлғалардың бөлімшелеріне дербес салық төлеушілер ретінде қарай алады";

11 тармақта "бұл тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен айналыса ма, олар қосылған құн салығы бойынша есепке тұрды ма" деген сөздер "әрекетінің немесе кәсіпкерлік қызметінің фактісінен, олардың қосылған құн салығының есебіне қойылуынан" деген сөздермен ауыстырылсын.

4 . I V б ө л і м д е :

14 тармақта мынадай мазмұнды мәтін алып тасталсын:

"Бұл орайда .... ескерген жөн, ары қарай мәтін бойынша\*"

Ескерту: 1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі  
мынадай мазмұндағы "15а" тармағы қосылсын:

"15а. Осы нұсқаулықтың 12-15 тармақтарында көзделген ережелер осы нұсқаулықтың 9а тармағындағы резидент еместерге таратылмайды.

5 . V б ө л і м :

16 тармақтың соңғы абзацы алып тасталып, мынадай мазмұнды мәтінмен  
а у ы с т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке

тұрмаған шаруагер субъектілер жөнелткен (орындаған, көрсеткен) тауарлар (жұмыс, қызмет) бойынша есеп фактураларында, төлемге белгіленген басқа да есеп айырысу құжаттарында көрсетілетін қосылған құн салығының сомасы 1997 жылдың 1 қаңтарынан соң қосылған құн салығы жөніндегі төлемдердің есептемесіне (кемітуге) жатқызылмайды және осындай тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) өткеру бағасы бойынша есепке алынады".

6. VI бөлімде:

17 тармақта "іс жүзінде жинақталған зияндар" деген сөздер "оларды сатып алу бағалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

22 тармақта "төленгендер" деген сөз алынып тасталсын\*;

Ескерту:

1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі

25 тармақта:

үшінші абзацта:

"негізгі қаржылар" деген сөздерден соң "(ғимараттардан басқа)" деген сөздер қосылсын;

мынадай мазмұнды мәтінмен толықтырылсын:

"Егер негізгі құралдар қосылған құн салығынсыз бағалар бойынша 1995 жылдың 1 маусымына дейін сатып алынған болса, оларды сататын кездегі қосылған құн салығы алынатын объект қосылған құн салығын оларға қоспастан сатылған кездегі қолданылатын бағаларға қарап анықталатын болады, бірақ, есепті құнынан төмен (инфляцияны ескере отырып) болмауға тиіс".

7 . IX б ө л і м д е :

3 1 т а р м а қ т а :

1 тармақшада "немесе аренда" деген сөздер "және сату" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 тармақша мынадай мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:

"Ғимараттар деп пайдалануға арналған, өндірістік, өндірістік емес және тұрғын үй мақсатындағы объектілер ұғымы түсіндіріледі.

Ғимараттың бөлекжайларын пайдаланғаны (жалдағаны) үшін ақы, оның ішінде пәтер ақы, мейманханада тұрғаны үшін төленетін ақйдан басқасы, қосылған құн салығынан босатуға жатады.

Ғимаратты жалдау үшін төленетін ақы деп пайдалану аударымдарынан және жалдау процентінен (кірістен) тұратын ақыны айтады. Ғимаратты пайдалануға байланысты жалға берушінің жалдаушыға көрсететін коммуналдық, байланыс, тағы басқа қызметтері жалдаушының ғимарат үшін төлейтін ақйдан бөлек санайтын қосымша шығыны болып табылады. Шығынның бұл түрлеріне белгіленген тәртіп бойынша қосылған құн салығы салынады.

Осы нұсқаулықтың 2 тармағына сәйкес, кооперативтер тұрғындардан алатын және кооператив мүшелері тұратын үйлерді салуға және пайдалануға арналған қаржылар қосымша құн салығынан босатылады. Меншікті пәтерлер кооперативтерінің (МПК) басқа жаққа көрсетілетін қызметтеріне бекітілген жалпы тәртіп бойынша қосылған құн салығы салынады.

2 тармақша мынадай мазмұнды екінші абзацпен толықтырылсын:

"өндірісте пайдаланылатын, банктік және банктік емес қаржы мекемелері жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің осындай операцияларды жүргізуге берген рұқсаты бар негізгі қорлардың лизингі жөн і н д егі о п е р а ц и я л а р " ;

4 тармақша мынадай мазмұнды мәтінмен толықтырылсын:

"Мұндай операцияларға сондай-ақ Қорлардың купондық есептерін жүргізуге, купондардың саны мен қозғалысы жөнінде тексерістер жүргізуге байланысты инвестициялық-жекешелендіру қорларының операциялары, мемлекеттік меншікте тұрған ұйымдардың экономикалық талдау және мүлікті бағалау жөніндегі жұмыстары мен қызметтері жатқызылады"

Мынадай мазмұнды 9-12 тармақшалармен толықтырылсын:

"9) лоторея билеттерін өткізуге байланысты айналымдар;

10) Қазақстан Республикасының ұлттық банкі және оның бөлімшелер жүзеге асырған тауарлар, жұмыс және қызмет өткеру жөніндегі айналымдар;

11) Қазақстан Республикасының Ерікті мүгедектер қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және толықтай олардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдардың тауарларын (жұмысын, қызметін) өткеру жөніндегі, сауда-делдалдық қызмет тауарларын (жұмысты, қызметті) өткеру жөніндегі айналымнан басқа айналымдар;

12) мектеп оқу құралдарын өткеру жөніндегі айналымдар;"

9-12 тармақшалар тиісінше 13-16 тармақшалар деп саналсын;

14 тармақтың "а" тармақшасы алып тасталсын, "б-з" тармақшалары тиісінше "а-ж" тармақшалары деп белгіленсін;

16 тармақша мынадай мазмұнды мәтінмен толықтырылсын:

"бұл орайда, қосымша құн салығы жөнінде жеңілдік берудің мынадай тәртібі орнатылады:

а) бюджеттік мекемелер мен ұйымдардың шетке шығаратын және шеттен алатын тауарлары бойынша міндетті түрде мынадай құжаттар тапсырылуы керек:

- бюджеттік қаражат бөлінгені туралы ұйымның бірінші басшысы қол қойған анықтамасы;

- бюджеттік есептен алынатын тауардың (өнімнің) ақысы туралы банктің растамасы;

б) мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген шетелдік несиелік желілер бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шетелдік желілер бойынша алынатын тауарлардың импорты мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілетіні жөніндегі растамасын тапсыру қажет.

Аталған жеңілдік сату үшін емес, бюджеттік ұйымдардың мұқтаждарына арналған тауарлардың импортына қолданылады. Демек, егер өзара шарттың ережелері бойынша бюджеттік ұйымдар импорттық тауарлар үшін олардың өтуіне қарай есеп айырысуға міндеттенген болса, кедендік хаттау кезінде қосылған құн салығы белгіленген тәртіп бойынша алынуға тиіс".

Мынадай мазмұндағы 17-18 тармақшалармен толықтырылсын:

"17) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен оның бөлімшелері жүзеге асыратын тауарлардың импорты;

18) мектеп оқу құралдарының импорты;"

9. Мынадай мазмұндағы XIII бөліммен толықтырылсын:

"XIII бөлім. Аффинажалған қызмет бағалы металдарға алтын мен платинаға салық салу

Қымбат бағалы металдар - алтын мен платинаның алғашқы саудаларында сатуға салық нөлдік ставка бойынша салынады".

10. ХҮ бөлімде:

42 тармақта "(алынған)" және "(төленген)" деген сөздер алып тасталсын\*.

Ескерту:

1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі

11. ХҮІ бөлімде:

43 тармақтың екінші абзацы алып тасталсын\*;

Ескерту:

1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі

44 тармақта "1-7 тармақшалар" деген сөздер "1-12 тармақшалар" деген сөздермен ауыстырылсын;  
екінші абзацта "(төленген)" деген сөз алып тасталсын\*;

Ескерту:

1997 ж. 1 шілдеден енгізіледі

мынадай мазмұнды "46а" тармағымен толықтырылсын;

"46а. Есепке Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы жөнінде есепте тұратын, тауарларды (жұмысты, қызметті) берушілерге төленген (төленуге тиісті) қосылған құн салығының сомасы алынады.

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы жөніндегі есепте тұрмайтын, тауарларды (жұмысты, қызметті) берушілерге төленген (төленуге тиісті) қосылған құн салығы аталған тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) сатып алынған бағасымен салық төлеушілердің есебінде болады, кейіннен белгіленген тәртіп бойынша шығын ретінде есептен шығарылады."

1 2 . Х Y II б ө л і м д е :

50 тармақта "1-7 тармақшалар" деген сөздер "1-12 тармақшалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұнды "50а" тармағымен толықтырылсын;

"Қосылған құн салығы жөніндегі есепте тұрмайтын тұлғаға, қосылған құн салығымен бірге салықтық есеп-фактурасын жазғаны үшін салықтық есеп-фактурада көрсетілген және бюджетке аударылуға тиісті, бірақ әлі аударылмаған, қосылған құн салығы сомасының 100 проценттік көлемінде айып салынады .

Салықтық есеп-фактураны орындаушының қолы берермен-кәсіпорынның мөрімен міндетті түрде расталуға тиіс."

1 3 . Х Y III б ө л і м д е :

5 4 т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай нұсқада баяндалсын:

"Шеттен әкелінетін тауарлар жөніндегі қосылған құн салығы, осы Нұсқаулықтың 55а тармағында көрсетілген жағдайларда салық төлеушілер төлеуге тиісті қосылған құн салығынан басқасы, Қазақстан Республикасының кедендік заңдарында кедендік төлемдерді төлеу үшін белгіленген күні төленеді";

екінші абзацта "қызметі" деген сөздерден кейін "қаржы қызметі

органдарының келісімі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

55а тармағында "және дәрі-дәрмектер" деген сөздер "ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын шикізат, материалдар, запас бөлшектер, дәрі-дәрмектер мен тауарлар" деген сөздермен ауыстырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

"Бас салық инспекциясы Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің келісім бойынша" деген сөздер "Мемлекеттік салық комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Кеден комитетінің келісімі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын"

14. XX бөлімде:

58 тармақ мынадай мазмұнды мәтінмен толықтырылсын:

"салық төлеуші салық жылында ағымдағы (аванстық) төлемдерді төлеудің таңдап алған тәсілі туралы салық органдарына жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

15. XXI бөлімде:

62 тармақтың үшінші абзацында "салық инспекциясына" деген сөз "салық органына" деген сөзбен ауыстырылсын.

16. "Бас салық инспекциясының бастығы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің бірінші орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

Мемлекеттік салық комитетінің

төрағасы, салық қызметінің 1 дәрежелі

Мемлекеттік кеңесшісі